

АҚПАРАТТЫҚ ХАБАРЛАМА

2018 жылғы «23» қараша

Зейнетақыны жастық шақтан жоспарла

Бірыңғай жинақтаушы зейнетақы қоры (бұдан әрі – БЖЗҚ, Қор) қазақстандықтардың зейнетақы жүйесіне қатысты қаржылық сауаттылығын арттыру бойынша әр түрлі шаралар өткізу жұмыстарын жалғастыруда. Мақсат – отандастарымыздың арасында зейнетақыны жоспарлау мәдениетін қалыптастыру. Бұл жұмыстар отандық жинақтаушы зейнетақы жүйесінің 20 жылдығына арналған шаралар аясында жүзеге асырылып жатыр. Бұл ретте ең алдымен, биыл сәуір айында Қордың дербес кеңес беру қызметін іске қосқандығын атап өткен жөн. Мұнда зейнетақы калькуляторы пайдаланылады.

Әрине, еліміздің зейнетақы жүйесін, оның құрылымын толық түсінбей жатып болашақ зейнетақыны жоспарлау мүмкін емес. Сондықтан БЖЗҚ, жинақтаушы зейнетақы жүйесінің барлық қаржылық және ақпараттық ағынының бірыңғай операторы ретінде әр түрлі байланыс арналары арқылы маңызды, шынайы ақпаратты әрбір азаматқа жеткізуге күш салуда. Бұл ретте экономикалық тұрғыда белсенді халыққа ғана емес, еңбек жолын жаңадан бастап келе жатқан өскелең ұрпаққа да жіті көңіл бөлінеді. Өйткені, олар үшін зейнетақымен қамсыздандыру жүйесінің қалай жұмыс істейтіндігін ерте бастан білген өте маңызды.

2018 жылдың 20 қарашасында Қордың барлық филиалдарында «Барлық салымшылар үшін қолжетімді БЖЗҚ» тақырыбында Ашық есік күні шарасы ұйымдастырылды. Оған алғаш рет жоғары сынып оқушылары мен студенттер шақырылды. Сондай-ақ, БЖЗҚ басшылығы ағымдағы жылдың қараша-желтоқсан айларында еліміздің жетекші жоғары оқу орындарының студенттерімен кездесу өткізуді жоспарлаған болатын. Осыған орай алғашқы үш кездесу өткізілді.

22 қарашада «БЖЗҚ» АҚ Басқарушы директоры Жанара Төлегенова Абай атындағы Қазақ ұлттық педагогикалық университетінің (Алматы қ.) студенттерімен кездесе, Қордың Басқарушы директоры Мәулен Өтеғұлов Қ. И. Сәтбаев атындағы Қазақ ұлттық техникалық зерттеу университетінің (Алматы қ.) студенттерімен кездесіп, зейнетақымен қамсыздандыру мәселесі бойынша қызықты әңгіме жүргізіп, болашақ жас мамандардың сұрақтарына жан-жақты жауап берді. 23 қарашада «БЖЗҚ» АҚ Басқарма төрайымының орынбасары Сәуле Егеубаева Өскемен қаласында Д. Серікбаев атындағы Шығыс Қазақстан мемлекеттік техникалық университетінің студенттерімен кездесу өткізді.

Спикерлер өз сөзінде студенттер үшін зейнетақымен қамсыздандыру мәселесінде жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ерекше маңызға ие екендігін жеткізді. Өйткені, жастардың болашақ жиынтық зейнетақысы жарналардың Қорға тұрақты аударылуына тікелей байланысты болады. Сонымен қатар Қор басшылығы зейнетақы заңнамасындағы өзгерістер және зейнетақы капиталын көбейту жолдары туралы әңгімеледі. Осылайша студенттер Қазақстанның жинақтаушы зейнетақы жүйесінің ерекшеліктерімен жақын танысты. Кездесу барысында көтерілген тақырыптар жастардың қызығушылығын туғызды. Көпшілігін Қор мен салымшылар арасындағы байланыс арналары, сондай-ақ, зейнетақы қызметтерін қашықтықтан алу мүмкіндіктері қызықтырды. Ал жұмыс істеуші студенттер азаматтық-күқықтық шарттар бойынша алған табыстан міндетті зейнетақы жарналарын төлеу бойынша сұрақтар қойды. Мұндай кездесулер жастарға зейнетақы жинақтарын

қалыптастыру мәселесі туралы еңбек жолының басында ойлауына септігін тигізетіндігі сөзсіз.

Жыл соңына дейін тағы жеті университетте осындай кездесулер өткізілмек. 26 қарашада С. Торайғыров атындағы Павлодар мемлекеттік университетінде, М. Өтемісов атындағы Батыс Қазақстан мемлекеттік университетінде және Е. Букетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университетінде кездесулер өткізіледі. Сонымен қатар осындай кездесулер 28 және 30 қарашада Т. Рысқұлов атындағы Қазақ экономикалық университеті мен Халықаралық ақпараттық технологиялар университетінде жалғаспақ. Ал желтоқсан айында мұндай кездесулер Л. Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті мен М. Әуезов атындағы Оңтүстік Қазақстан мемлекеттік университетінде ұйымдастырылады.

***БЖЗҚ** 2013 жылғы 22 тамызда «ГНПФ» ЖЗҚ» АҚ негізінде құрылды. БЖЗҚ құрылтайшысы және акционері – Қазақстан Республикасы Қаржы министрлігінің «Мемлекеттік мүлік және жекешелендіру комитеті» ММ арқылы Қазақстан Республикасының Үкіметі. БЖЗҚ зейнетақы активтерін сенімгерлікпен басқаруды Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі жүзеге асырады. 2016 жылғы 1 қаңтардан бастап зейнетақы активтерін басқару тиімділігін арттыру бойынша ұсыныстар жасау қызметі Қазақстан Республикасының Президенті басшылық ететін Ұлттық қорды басқару кеңесіне берілді. Зейнетақы заңнамасына сәйкес БЖЗҚ міндетті зейнетақы жарналарын, міндетті кәсіптік зейнетақы жарналарын, ерікті зейнетақы жарналарын тартуды, зейнетақы төлемдерін, зейнетақы жинақтары мен төлемдерін жеке есепке алуды жүзеге асырады, салымшыға (алушыға) зейнетақы жинақтарының жай-күйі туралы ақпарат береді (толығырақ www.enpf.kz сайтында).*

«БЖЗҚ» АҚ баспасөз орталығы
БАҚ үшін байланыстар: press@enpf.kz